

**Аға тәлімгердің
2023-2024 оқу жылында
атқарылған жұмысының
жылдық есебі**



Аға тәлімгердің 2023-2024 оқу жылында атқарылған жұмысының жылдық есебі

Мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

Ұйымның міндеттері: Қазақ халқының тілін, мәдениетін, тарихын білу негізінде өскелең жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілікті қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдердің азаматтық белсенділігі мен саналығын арттыру, танымдық жұмыстарды ынталандыру, балалар мен жасөспірімдердің зияткерлік, шығармашылық және әлеуметтік дамуы үшін жағдай жасау, жауапкершілік пен еңбексүйгіштікті қалыптастыруға, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытуға бағытталған баланың жеке тұлғалық қасиеттерін дамыту.

1.30 тамыз Конституция күніне орай «Ата заң-елдігімнің еңсесі» атты челлендж ұйымдастырды.

2. 1 – қыркүйек Білім күніне арналған «Мектебім — мейірімділік мекені» атты салтанатты жиын болып өтті.



3.2023 жылғы 07 күні "Тілдер мерекесінің" іс-шаралар жоспарына сәйкес "Тіл тағдыры -ел тағдыры" тақырыбында дебат өткізілді.



4. БАЛАЛАР СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ

Республикалық қашықтықтан өткізілетін балалар байқауына оқушылардың сурет көрмесі өткізілді.



5. Шымкент қаласы білім басқармасының 07.09.2023 жылғы 10-07-07/4716 хатына сәйкес 8 қыркүйек күні «Дене сергіту» челенджі өткізілді. Сергіту сәті - бұл физикалық жаттығулардың шағын жиынтығы, сондықтан оларды орындау кезінде түрлі бұлшықет топтары қамтылады.



6. Қазақстан халқы тілдері күніне арналған «Туған тілім – бабам тілі – өз тілім» атты республикалық челленджі өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға мемлекеттік тілдің өркендеп, оянуына, мемлекеттік тілімізді сүюге, мемлекеттік тілді аяққа баспай, мәртебесін биік ұстау жөнінде, әр ұлттың өзіндік ерекшеліктері, салт-дәстүрі, діні, тіл ерекшелігі болатынын түсіндіру. Оқушылардың ой-өрісін, дүниетанымын кеңейту, сөздік қорын молайту, жұрт алдында еркін ауыз екі сөйлеуге баулу

7. Оқушылар сарайының “Ашық есік ” күніне және Республикалық Бірыңғай “Жас Ұлан” балалар мен жасөспірімдер қоғамдық ұйымының жұмысын қала көлемінде жандандыру және нығайту жолында “Ту ұстаушылар мен барабаншылар” рәміздік тобы қатысып, бірлесе белсенді жұмыс жүргізілуде



8. «Мектеп парламенті» және «Adal uiraq» еріктілер клубы бірлесе "БІЗ ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫМЫЗ" тақырыбында челлендж ұйымдастырды. Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты аландататыны анық. Іс-шарадан басты мақсат, болашақ ұрпаққа дұрыс тәлім тәрбие беру. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету.

9. Қазақстан Республикасының күніне арналағн «Жетістіктер портфолиосы» республикалық байқауына оқушылар белсене қатысты .

Мақсаты: Білім алушыларда өзін-өзі басқаруды, өзін-өзі табысты жүзеге асыру дағдыларын дамыту және насихаттау мақсатында.

Міндеттері:

- өзінің білім деңгейін көтеру қажеттілігін қалыптастыру;
- оқушылардың білім алуын дараландыруға ықпалдасу;
- оқушылар мен педагогтерді ашық білім беру ортасын қалыптастыру және дамыту үдрісіне тарту;
- білім беру қызметінде «Портфолио» технологиясын қолдану салаларын кеңейту;

Байқауға қатысушылар :

1. Шора Сәния - 11 «А» сынып оқушысы
2. Қыдыраы Шұғыла Бегалықызы - 11 «Ә» сынып оқушысы
3. Алимхан Айда - 9 "Ө" сынып оқушысы

10. Республикасы күніне арналған «Үздік репортаж» байқауына Мектеп парламенті Өзін—өзі басқару ұйымының белсенді фракция мүшелері «Үздік репортаж» қашықтықтан ұйымдастырылған республикалық белсене қатысты. Мақсаты: білім беру ұйымдарының қызметінде өзін-өзі басқару органдарының рөлін арттыру, дарынды жастарды қолдау.

Міндеттері: Қоғамдағы оқушылардың өзін-өзі басқару көшбасшыларының оң имиджін қалыптастыру. Білім алушыларды көшбасшылық тәжірибені меңгеруге, әлеуметтік өзара іс-қимыл дағдыларын дамытуға бағытталған арнайы ұйымдастырылған қызметке тарту.

-Мектеп парламентінің қызметін насихаттау;

-өзін-өзі басқару белсенділерінің табысты жұмыс тәжірибесін тарату;

-педагогтер мен білім алушыларды білім беру ұйымының алуан түрлі қызметіне қосу арқылы өзін-өзі басқаруды дамыту үшін жағдай жасау.

Байқауға қатысушылар 8-9-10-11 сынып оқушылары.

11. "Мейірімділік жүректен" айлық жоспарына сәйкес, "Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылық неге өршіп тұр?" тақырыбында мектепішілік аудандық турнирге іріктеу турнирі болып өтті. Турнирге 9-10 сынып оқушылары арасынан үш лига бойынша іріктелді.



12. 1 қазан карттар күні мерекесіне орай іс-шаралар өткізілді.

13. Ұстаздар күні мерекесіне орай «Ұстазым менің, ұстазым» атты құттықтау челленджін өткізіп 11 сынып оқушылары барша ұстаздарды құрметпен мектеп қабырғасында күтіп алып, ұстазға дегін ізгі тілектерін білдіріп, мерекелік іс-шара өткізілді.



14. №66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде "Ұстаздар күні" мерекесіне орай 05 қазан күні оқушыларды жалпы адамзаттық құндылыққа бағыттауын өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында "ДУБЛЕР КҮНІ" өткізілді.

Аталған мақсатты жүзеге асыруда мектеп оқушылары ерекше қызығушылық танытып, белсенді ат салысты.

Сонымен қатар, жүргізілген шарада пән мұғалімдерінің рөлін 10-11 сынып оқушылары атқарып, оқушылар өздері бір күн мұғалімдерге дублер болды. Дублёр күні оқушылар сабаққа ынта ықыласпен дайындалып, түрлі әдістермен тәжірибелер көрсетіп, төменгі сынып оқушыларын қызықтыра білді. Алдын ала оқушылардың қызметі түсіндірілді.

Мектеп мұғалімдері бақылап бағыт бағдар беріп отырды. Оқушылар жауапкершілікті сезініп, өздеріне жүктелген міндеттерді толығымен орындады. Шара соңын қорытындылай келе, оқушылар "Дублер күні" алған әсерлері мен ұстаздық қызметтің қызығы мен қиындығы туралы өзара пікір алмасты. Пән мұғалімдері де оқушылардың міндеттерін қалай атқарғаны жөнінде пікірлерін білдірді. Бір күн дублер бола отырып, мектеп өмірінің бір күндік тыныс тіршілігіне араласып оқушыларымыз оң әсер алды.

15. «Алтын күз» мерекесіне орай "Күз - береке бастауы" атты сурет көрмесі және шығармашылық көрме өткізілді.



16. 2023 жылғы 21 қазан күні 8-9-10-11 сыныптар арасында Мектеп парламенті өзін-өзі басқару ұйымы, Жас ұлан, Адал ұрпақ ұйымы Президенттік сайлауы өткізілді.



17. №66 "Қазығұрт " жалпы орта білім беретін мектебінде 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес "Төрт тоқсан-төрт өнер " жобасы аясында 25 қазан Республика күні мерекесіне орай "Ақындар айтысы " өткізілді. 9 Ж сынып оқушылары Жүрсін Рамазан Нышанұлы және Игілік Айдос Сәкенұлы қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Айтыстың мақсаты: қазақ халқының ұлттық құндылығы, шешендік өнер арқылы мәдениеттің баға жетпес мұрасы ретінде айтысты жан-жақты насихаттау, ұлттық рух пен патриотизмге, өз халқына және оның дәстүрлеріне деген құрмет сезімін тәрбиелеу, талантты шығармашылық жастарды анықтау.

Ақындар айтысының міндеттері:

Балалар мен жастардың қазақ халқының музыкалық мәдениетіне деген қызығушылығын ояту, поэтикалық, орындаушылық және вокалдық дағдыларды қалыптастыру, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілік сезімін ояту, қазақ тілінің рөлін арттыру, халықтар достығы мен бірлігін дәріптеу

18. 25 қазан Республика күні мерекесіне «Республика! Ерікті Ел Қазақстан » тақырыбында мерекелік іс-шара өткізіліп, мерекеге орай "Әнұран" айту челленджі ұйымдастырылды.



19. №66 " Қазығұрт " жалпы орта білім беретін мектебінде ұлттық рух пен патриотизді қалыптастыру мақсатында , 25 қазан Республика күні мерекесіне орай "Ұрпаққа аманат" жобасы аясында "Патриотизм дауысы" челленджін "Адал ұрпақ " еріктілері өткізді. Е.Хасанғалиевтың "Атамекен" әнін орындады.

20. 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай 2023 жылғы 24 күні 5 сынып оқушыларын республикалық бірыңғай "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау салтанатты жиыны өтті.



21. №66 "Қазығұрт " жалпы орта білім беретін мектебінде ұлттық өнерді құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында , 25 қазан -Республика күні мерекесіне орай "IZGILIK " еріктілер тобының"Алаш аманаты" күйін мектеп оқушылары орындап, қала мектептеріне челленджі.

22. 2023 жылғы 27 қазан күні мектеп үздіктері мен екпінділерін және белсенділерін «Өзін-өзі басқару» ұйымы, «Жас Ұлан», «Адал ұрпақ», «Бала өкілдігі» ұйымдарының Президенттерін құрамына қабылдау рәсімі өткізілді.




23. 20.11.2023 жылы Республикалық флешмоб “ЕРКІН ТЫНЫС АЛ!” тақырыбында республикалық флешмоб өткізілді.



24. Шымкент қаласы білім басқармасының «Қосымша білім беру» оқу салалық орталығының 2023 жылға арналаған жоспарына сәйкес, №66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебі бойынша «Тәрбие жұмысын ұйымдастыру» және құндылыққа баулу» бөлімінің «Ардагерлер кеңесі», «Жастармен жұмыс және өзарар қарым-қатынас» комиссиясымен бірлесе «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыру бойынша «Заманауи зерттеулер әлемі. Ұлттық құндылықтар. Тарихи тағылымдар» атты республикалық форум қарсаңында

онкүндік декадаға « Білім құндылығының замнауи жетістіктері-мектеп шежіресінде және «Туған жер тұнған шежіре» атты челленджі өткізілді.

25.№66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінде Мектеп парламенті «Өзін-өзі басқару» ұйымының ІІ тоқсандағы жұмыс жоспарына сәйкес, жиналыс өткізіліп, Мектеп парламентінің президенті 10 «А» сынып оқушысы Турдалиев Асылбек жоспармен таныстырып, мектеп министрлеріне өз тапсырмасын тапсырды.



26.Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты №66"Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде “Біртұтас тәрбие” бағдарламасы аясында қазақ халқының ұлттық құндылықтарын қастерлеп, халқымыздың аса құнды мәдени игіліктерінің бірі “АСЫҚ АТУ”, “БЕС ТАБАН” ойындарының тәрбиелік мәнін оқушыларға ұғындыру мақсатында ұлттық ойындар челленджі өткізілді.

Челлендждің мақсаты — білім алушыларды рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық бағытта тәрбиелеу, мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу.

«Ұлттық ойындар – адамға қанат бітіріп, шабыттандыратын ғажайып сайыстар, ол денсаулықтың ғана емес, өмір үйлесімділігінің кепілі. Мәселен, асық ойнау баланың жүйке-бұлшықет жүйесін шынықтырады, дүниетанымын кеңейтеді, оның шапшаң қимылдауына әсер етеді, сондай-ақ көру қабілетін жақсартады.

Бұл кең көлемді республикалық акция еліміздің барлық білім беру ұйымдарын біріктіруге, өз елі үшін, халық құндылығы үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, қазақ халқының мәдениеті мен тарихына қызығушылықты арттыруға бағытталған»,



27. Шымкент қаласы білім басқармасына қарасты №66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес, "Ағаның ініге қамқорлығы" тақырыбында жұмыстар жүргізілді

Мақсаты: Оқушыларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету.

Міндеттері:

-Өзара сыйластық қарым-қатынастардың адам өміріндегі мәнін түсіндіру;

-жағымды қарым-қатынас жасау іскерліктерін дамыту;

-жақсылыққа, имандылыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа, қамқорлыққа тәрбиелеу.

Халқымызда «Үлкенге –құрмет,кішіге –ізет» деген мақал бар. Бұның өзі өсіп келе жатқан әрбір жас ұрпақты имандылыққа тәрбиелеу.Адам бойында жақсы-жаман қасиеттер болады екен.Біздің халқымызда үлкенді құрметтеп, кішіге қамқор болуға бала кезден көп көңіл бөлінеді.Ол ананың сүтінен, үлкеннің ақылынан, ұстаздың үйреткенінен, кез келген адамның кісілігінен білінеді.

28. «ТӘУЕЛСІЗДІКТІ ЖЫРЛАЙМЫЗ» тақырыбында патриоттық челленджді №135 жалпы орта білім беретін мектебінен қабыл алып, оқушылардың патриоттық сезімін оятып тәрбие беру, Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Тарихқа көз жүгіртсек, қазақ – нағыз батыр халық екенін мойндайсың.Жүгі нарда, қазаны теңде болып, көшіп -қонып өмір сүрген ата-бабаларымыз үш нәрсені бойтұмардай сақтап қадірлеген. Ол ел мен жер және ана тілі. Қандай халық болмасын осы үшеуінсіз егемен ел екенін дәлелдей алмайсың. Ал енді біз халқымыздың сан ғасырлар күресіп армандап жеткен Тәуелсіздік жолын жырлайық. Еліміздің тәуелсіздік алуы - халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашты, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Ол-баршамыз бейбіт өмірде, еркіндікті аңсаған ақ ниет, ақ тілеумен өзіміз тіккен ортақ шаңырағымыздың тәуелсіздігі.

29. "Тәуелсіздік — тұғырым" атты Тәуелсіздік күні мерекесіне орай "Мектеп парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының 8 сынып оқушылары видеоролик дайындады.

Мақсаты: оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекетіміздің рәміздерін қастерлеуге, ұлттық сананы бойына сіңіріп, оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ел арасында сақталып келе жатқан халық мұрасы бойынша оқушыларды имандылыққа, қайырымдылыққа, бірлікке тәрбиелеу, адамгершілік сезімін арттыруға,желтоқсандықтарға әрдайым құрмет көрсетуге,әділеттілікке, ел мен жердің қадір қасиетін ұғынуға тәрбиелеу.



30. Шымкент қаласы Қосымша білім беру оқу салалық орталығының 12.12.2023 жыл N815 хаты негізінде №66 " Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде "16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне" орай , "Мен -Тәуелсіз елдің ұланымын" тақырыбында патриоттық өлеңдер оқудан челлендж өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекетіміздің рәміздерін қастерлеуге, ұлттық сананы бойына сіңіріп, оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ел арасында сақталып келе жатқан халық мұрасы бойынша оқушыларды имандылыққа , қайырымдылыққа, бірлікке тәрбиелеу, адамгершілік сезімін арттыруға,желтоқсандықтарға әрдайым құрмет көрсетуге ,әділеттілікке, ел мен жердің қадір қасиетін ұғынуға тәрбиелеу.

31. 16 желтоқсан-Тәуелсіздік күніне орай ұйымдастырылған "Мен -Тәуелсіз елдің ұланымын" атты тақырыбында оқушылар арасында сурет көрмесі өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың өз ұлтына, еліне деген сүйіспеншілігін арттыру, мемлекетіміздің рәміздерін қастерлеуге, ұлттық сананы бойына сіңіріп, оны жалғастырушы болып өсуге тәрбиелеу, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ел арасында сақталып келе жатқан халық мұрасы бойынша оқушыларды имандылыққа , қайырымдылыққа, бірлікке тәрбиелеу, адамгершілік сезімін арттыруға,желтоқсандықтарға әрдайым құрмет көрсетуге ,әділеттілікке, ел мен жердің қадір қасиетін ұғындыру.

32.Шымкент қаласы полиция департаментінің дарынды балаларды қолдау және оларды полицияның қызметіне бағдарлау, құқық бұзушылыққа қарсы дүниетаным мен полицейдің позитивті образын қалыптастыру, жасөспірімдердің полиция мамандығына деген қызығушылығын арттыру мақсатында ұйымдастырылған "Менің полициям " балалар шығармашылығына арналған байқауында Мектеп парламенті өзін-өзібасқару ұйымының "Құқық және тәртіп " фракциясы "Үздік бейнеролик" номинациясы бойынша І орынды, "Үздік эссе " номинациясы бойынша 9 " F" сынып оқушысы Досанова Салиха ІІІ орынды иеленіп дипломмен марапатталды.

33. 2023 жылғы 20 желтоқсан күні «Көрме» орталығында қалалық білім басқармасының ұйымдастыруымен қалалық Республикалық бірыңғай «Жас

Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына қабылдау жиыны өтті. Мектебімізден 5 сыныптың үздіктері қатысты. Салтанатты жиынға мәслихат депутаттары, үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, білім басқармасының өкілдері, білім беру мекемелерінің басшылары, мектеп парламент мүшелері, «Жас ұлан» ұйымының рәміздік тобы қатысты.



34. №66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде Жаңа жыл мерекесі қарсаңында оқушыларға мерекелік көңіл-күй сыйлау мақсатында, "Жүректен жүрекке" акциясы өткізілді.

35. №66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінде "Мектеп парламенті Өзін-өзі басқару" ұйымының фракция мүшелері "Біртұтас тәрбие" бағдарламасы "Ұлттық мүдде" бағытының жоспары бойынша "Әдемі сөз жақсы көңіл-күйдің кепілі" тақырыбында қаңтар айының жоспарына сәйкес іс-шара өткізілді.

Мақсаты: мұғалімдердің көңіл - күйлерін көтеру, шығармашылық қабілеттерін бағалай білу, өздеріне құрметпен қарау, ұжымда сыйластық қарым - қатынас орнату.

36. "Жас ұлан" ұйымының "РӘМІЗДІК ТОБЫ" Шымкент қаласы білім басқармасының "Оқушылар Сарайы" ұйымдастыруымен 2024 жылғы 19 қаңтар күні Аль -Фараби, Абай және Тұран ауданына қарасты мектептері арасында өткен қалалық "Ең үздік рәміздік топ" байқауында топ жарып. I орын иеленді. Мамыр айында өтетін өтетін суперфиналға жолдама алды.



37. №66 "ҚАЗЫҒҰРТ" жалпы орта білім беретін мектебінде "Мектеп парламенті Өзін-өзі басқару" ұйымының фракция мүшелері "КӨҢІЛДІ ҚОҢЫРАУ" ұйымдастырылып, оқушылар арасында үзіліс кезінде оқушыларға жақсы көңіл күй сыйлады.

Жобаның мақсаты: оқушылардың өзара сенімділігін, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттыру. Үзіліс уақытын тиімді пайдалану.

38. Ақпан айында «Досбол LIKE» акциясы аясында «Достық қолын ұсын» тақырыбында түрлі іс-шаралар өткізіліп, видеороликтер ұйымдастырды. Акция аясында дебат ойыны өткізілді. Оқушылар эссе жазды. Іс-шара білім алушыларға жоғары көңіл күй сыйлау және өмірге болған қызығушылығын арттыру, достарына қол ұшын созуға бағытталды. Достық адамға шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қиыншылықтарды бірге көтеруге жәрдемдеседі.



39. 2024 жылы 14 ақпан күні Ауған Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына арналған "Ауған: сөнген шоқ, өшкен арман..." атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші өткізілді.



40. Алғыс айту күні мерекесіне орай "Алғысым шексіз" тақырыбында іс-шара өткізілді.



41. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай, "Ана өмір шуағы" тақырыбында оқушыларымен мерекелік іс-шара өткізілді.

42. 2023-2024 оқу жылының жұмыс жоспарына сәйкес, 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай қазақ қызының бойындағы ұлттық дәстүрімізге сай қасиеттерге бағыт-бағдар бере отырып, олардың бойында қарапайымдылық, әсемділік, өнерге қызығушылық, сахна мәдениетін, шығармашылық қабілеттерін арттырып, салт-дәстүрімізді әрі қарай жалғыстыруға себепші болу мақсатында «Үкілі ару – 2024 » байқауы 2024 жылы 5 наурыз күні өткізілді.



43. 22 наурыз мерекесіне орай Наурызнаманың 10 күндігі бағдарламасы бойынша ісшалар өткізілді.

14 наурыз күні – Көрісу күні-Амал мерекесі тойланады.

15 наурыз – Қайырымдылық күні өткізілді.

16 наурыз – Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні өткізілді.

17 наурыз – Шаңырақ күніне видеороликтер дайындалды.

18 наурыз – Ұлттық киім күні өткізілді.

19 наурыз – Жаңару күні өткізілді.

20 наурыз – Ұлттық спорт күніне спорттық сайыстар өткізілді.

21 наурыз – Ынтымақ күніне орай құттықтау видеороликтері жасалды.

22 наурыз – Жыл басы наурыз мерекесіне орай мерекелік іс шара қатысты.

44. 1 наурыз - "Алғыс айту күні" мерекесіне орай «АЛТЫН ЖҮРЕК» челленджіне қатысады.

Айналамызда бейбітшілік пен жақсылықты бірге жасайық! Көктемнің алғашқы күні елімізде Алғыс айту күні атап өтіледі. Әрбір жүрек ризашылық пен шынайылыққа толы күнде біз ерекше бағалайтын махаббат сезімін, денсаулықты, отбасымыз бен достарымызды, жетістіктерімізді, әрқашан қолдау білдіретін ата-аналарымыз бен достарымызды, бізге шабыт беріп, тәлімгерлік ететін ұстаздарды және әр күнімізге шаттық пен қуаныш сыйлайтын, қиын сәттерде көмек қолын соза алатын жандарды ойлаймыз. Бұл күн тек алғыс айтумен ғана шектелмей, айналаңызға мейірімділік пен жанашырлық тарататын күнге айналсын. Әрқайсымыздың жүрегімізді жылытып, күш беретін алғыс тізбегінің құрылуына себепкер болайық.

45. "Менің таза өлкем" акциясы өткізілді. "Жас эколог" тобы "Таза болса табиғат, Аман болар адамзат" ұранымен мектеп ауласында тазалау жұмыстарын жүргізді. Мектеп айналасын қоқыстардан тазарту, талдың түптерін қопсыту, ауланы сыпыру жұмыстары және мектеп аумағына раушан гүлдер егілді.



46. Шымкент қаласында қала әкімі Ғабит Сыздықбековтың қатысуымен “Таза Қазақстан” акциясы аясында бастау алған “Таза қала” тазалық іс-шарасына

қоғам белсінділері, ардагерлер ұйымы, қала жастары мен волонтерлар және №66 "Қазығұрт" жалпы орта білім беретін мектебінің оқушылары қатысты. Ордабасы алаңында бастау алған акцияға қатысушылар "Қошқар ата" өзені бойында тазалық жұмыстары жүргізіліп, ондағы ағаштарды түптеу, көше бойларын сыпыру мен қураған ағаштарды қырқу, орындықтарды бояу сынды жұмыстарды жүргізді.



47. «Баланың бас ұстазы ата ана» тақырыбында Ашық есік күні өткізілді. Ашық есік күні мектеп ауласында 1 сынып оқушылары ұлттық киім үлгісінде көк туымызмен және «Жас ұлан» ұйымының «Рәміздік тобы» барабан дабылымен ата- аналарды салтанатты түрде қарсы алды. Ашық есік күнінің қорытындылау бөлімі Мәжіліс залында қойылым, әсем ән мен мың бұралған қыздарымыздың биі қойылды.



48."1 мамыр Қазақстан халықтары бірлігі күні " мерекесіне орай видеороликтер жасалды.

49." Таза Қазақстан " акциясы аясында мектеп бітіруші түлектерінің қатысуымен "Менің мектебім" атты іс-шара өткізілді.



50. Өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу мақсатында 2 сынып оқушыларын Республикалық бірыңғай "Жас қыран" балалар және жасөспірімдер ұйымына қабылдау жиыны өткізілді.



51.Мемлекеттік рәміздер және оның бір бөлшегі іспеттес РҚБ «Жас ұлан» ұйымының рәміздерін құрметтеу арқылы елді, халықты, тарихты қастерлеуін қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған қалалық «Ең үздік рәміздік топ» байқауының суперфиналында №66 «Қазығұрт» жалпы орта білім беретін мектебінің «Рәміздік тобы» ІІ орынды иеленіп, Мақтау қағазымен және ІІ дәрежелі Кубокпен марапатталды.

Топтың Калашников автоматын берілген уақытқа шашуы және жинауы жеке бағланып, команда капитаны ІІ орынды иеленіп және «Үздік ән орындаушы» номинациясын жеңіп алды.



52. 2024 жылдың 25-мамыр күні «Мектебім саған мың алғыс!» атты соңғы қоңырау салтанатты жиын өтті.





53. 2024 жылдың 27 мамыр – 20 маусым күндері аралығында Шымкент қаласы білім басқармасының 2024 жылғы 20 мамыр күнгі N225-н/қ бұйрығына сәйкес , мектепте «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері ұйымдастырылды. Таңғы жаттығулар, ашылу салтанаты, флешмобтар, спорттық сайыстар, асфальтқа сурет салу, ән байқауы, түрлі саяхаттар, концерттік бағдарламалар, ойындар және жабылу салтанаты өткізілді.







54.«Сәт сапар саған, Жас түлек!» атты аттестат тапсыру салтанатты жиыны өткізілді.

Аталған жиында мектеп директоры Ширтаева Найла Рапихақызы жас түлектерге жылы лебіздерін білдіре отырып, мектеп бітірушілерге аттестаттарын табыстады.

2023-2024 оқу жылында мектебімізді 133 түлек бітіріп отыр. Оның ішінде Алтын белгі -6. Үздік аттестат – 1.





Аға тәлімгер



Сандыбаева М.